

Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аударудың тәртібі туралы ЕРЕЖЕЛЕР

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің 2000 жылғы 04 қаңтардағы N 2-Ө Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 29 ақпан өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1065. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 146 қаулысымен. V042928

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің нормативті құқықтық актілерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аударудың тәртібі туралы ережелер" бекітілсін және ол Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 09 маусымдағы N 74-П "Жинақтаушы зейнетақы қорынан жинақталған зейнетақыны аудару тәртібі туралы нұсқаулығы" (1998 жылғы 27 тамыздағы N 586 мемлекеттік тіркелім V980586_) күші жойылған деп есептелсін.

3. Заң бөлімі (Лысенко Ю.Н.) осы бұйрықпен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аударудың тәртібі туралы ережелерді" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тіркетсін.

Төрағаның міндетін атқарушы

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Жинақтаушы
зейнетақы қорларының қызметін
реттеу жөніндегі комитетінің

" _____ " _____ 2000ж.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында зейнетақы мен қамсыздандыру туралы" Заңы мен басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және салымшылардың немесе алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару кезіндегі салымшы немесе алушылар мен жинақтаушы зейнетақы қорлары іс-әрекетінің тәртібін белгілейді.

Қ о л д а н ы л а т ы н қ ы с қ а р т у л а р :

"Қор", "Қорлар" - жинақтаушы зейнетақы қоры, жинақтаушы зейнетақы қ о р л а р ы ;

"жіберуші-Қор" - салымшы немесе алушы онымен зейнетақы келісім-шартын бұзып одан жинақталған зейнетақы қаражатын аударатын жинақтаушы з е й н е т а қ ы қ о р ы ;

"алушы-Қор" - салымшы немесе алушы онымен зейнетақы келісім-шартын жасап оған жинақталған зейнетақы қаражатын аударатын жинақтаушы з е й н е т а қ ы қ о р ы ;

"Өтініш" - салымшының немесе алушының зейнетақы келісім-шартын бұзу мен жинақталған зейнетақы қаражатын аудару жөніндегі өтініші.

1. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару туралы өтінішті беру мен оны қорлардың қарау тәртібі

1. Жіберуші-Қормен зейнетақы келісім-шартын бұзу мен алушы-Қорға жинақталған зейнетақы қаражатын аудару үшін осы Ережелермен белгіленген тәртіпте жасалып берілген салымшының немесе алушының (немесе оның сенімді өкілі) өз өтініші құқықтық негіз болып табылады.

2. Өтініш 1-ші қосымшаға сәйкес нысанда беріледі. Салымшы немесе алушы өтінішінде қажет деп ойлаған қосымша мәліметтерді (жұмыс орны, туысқандарының, сенімді өкілдерінің мекен-жайы мен телефондары туралы) к ө р с е т у г е қ ұ қ ы л ы .

3. Салымшы немесе алушы өзінің өтінішін жіберуші-Қорға мынадай тәсілдермен жіберуге қ ұ қ ы л ы :

- жіберуші-Қордың (филиалына, өкілдігіне) офисіне, болмаса жіберуші-Қордың агентіне тікелей;

- пошта байланыс құралдары арқылы жеке басы куәлігінің (төлқұжаттың) " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бөлімінің 34, 35 және 36-баптарына сәйкес куәландырылған көшірмесімен бірге;

- алушы-Қор, оның филиалы, өкілдігі немесе агенті, сондай-ақ өзге де жеке

немесе заңды тұлғалар арқылы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес ресімделген өтінішті жеткізіп беруге берілген сенімхатпен
б і р г е .

4. Салымшының немесе алушының қандай да бір жағдайдың салдарынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару мен өтінішті ресімдеуде өз құқығын пайдалану мүмкіндігі болмаса, ол өз атынан уәкілдік ететін басқа тұлғаға (бұдан былай - сенімді өкілі) зейнетақы келісім-шартын бұзу мен жинақталған зейнетақы қаражатын аудару жөніндегі іс-әрекетті жасау үшін сенімхат (бұдан былай сенімхат) беруге құқылы. Сенімхат қолданылып жүрген заңдарда қаралған т ә р т і п п е н б е р і л е д і .

5. Сенімді өкіл, салымшының немесе алушының сенімхаты негізінде, 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жіберуші-Қорға өтініш беруге құқылы. Сенімді өкіл өтінішті берген (жіберген) кезде оған сенімхаттың түпнұсқасын бірге салады және осы Ережелерде салымшы немесе алушы үшін қаралған кез келген тәсілмен жіберуші-Қорға жіберуге құқылы.

6. Жіберуші-Қор жинақталған зейнетақы қаражатын аударуға өтініш алғаннан кейін зейнетақы заңдарының салымшының немесе алушының жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқа жинақтаушы зейнетақы қорына күнтізбелік жыл ішінде екі-ақ рет аудару мүмкіндігі туралы талаптарының сақталуын тексереді. Тексеру алдыңғы қорға жазбаша сұраныс салу жолымен жүргізіледі. Қорлар сұраныс алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аталған мәліметтерді ұсынуға міндетті.

7. Жіберуші-Қор қаралып отырған өтініш бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын аудару мен зейнетақы келісім-шарттарын бұзудан мынадай жағдайларда бас тартуға міндетті:

- жіберуші-Қордың деректер базасындағы салымшы немесе алушы деректемелерінің өтініште көрсетілген ақпараттармен сәйкеспейуі;
- өтінішке тиісті тұлға қол қоймаған деп ойлауға дәлелді негіз болуы;
- бір күнтізбелік жыл ішінде жинақталған зейнетақы қаражатының екі рет аударылғаны туралы мәліметтердің болуы.

8. Жіберуші-Қор салымшыға немесе алушыға жинақталған зейнетақы қаражатын аударудан бас тарту себебі көрсетілген дәлелді жауабын жазбаша түрде өтініш берілген күннен бастап бір ай ішінде жіберуге міндетті.

9. Салымшының немесе алушының жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды жіберуші-Қор өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

2. Жинақталған зейнетақы қаражатын аударудың нысаны мен мерзімі

10. Қорлар бір-біріне зейнетақы келісім-шарттарын бұзу мен жинақталған зейнетақы қаражатын аудару үшін берілген өтініштердің қағаздағы және электронды түрдегі тізілімдерін (тізімдерін) дайындау жөніндегі қызмет пен заңға қайшы келмейтін басқа да қызметтерді көрсету туралы өз ара келісім ж а с а с у ф а қ ұ қ ы л ы .

11. Кез келген түрде (қағазда, электронды түрде) жасалған салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударуға берген өтініштер тізілімдерінің (тізімдердің) онда бар мәліметтерге қарамастан, заңды күші болмайды және де жинақталған зейнетақы қаражатын аудару үшін негіз болмайды.

12. Жіберуші-Қор жинақталған зейнетақы қаражатын аудару үшін МТ-102 форматы бойынша электронды төлемдік тапсырыстарды қалыптастырады (бұдан б ы л а й - Э Т Т) .

13. ЭТТ-да мына деректер болу керек:

- 1) ЭТТ-ның нөмірі,
- 2) ЭТТ-ның уақыты,
- 3) Жіберуші-Қордың атауы,
- 4) Жіберуші-Қордың кастодиандық есеп шотының нөмірі,
- 5) Жіберуші-Қордың СИН-і,
- 6) Жіберуші-Қордың банк-кастодианының коды,
- 7) Басшының тегі, аты, әкесінің аты,
- 8) Бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты,
- 9) Алушы-Қордың банк-кастодианының коды,
- 10) Алушы-Қордың кастодиандық шотының коды,
 - 11) Алушы-Қордың СТН-і,
 - 12) Алушы-Қордың атауы,
 - 13) төлемнің тағайындау коды (014),
 - 14) жіберу тәсілі (07 яғни электронды),
- 15) төлемнің тағайындалуы: жинақталған зейнетақы қаражатын " _____ " _____ өтінішке сәйкес міндетті (ерікті) зейнетақы жарналары е с е б і н е н а у д а р у ,
 - 16) аударылып отырған жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы,
 - 17) салымшылардың немесе алушылардың әрқайсысының - аударылып отырған жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы; - аударудың түрі (С-міндетті зейнетақы қоры, V-ерікті зейнетақы қоры),
 - Әлеуметтік жеке коды,
 - тегі,
 - аты,
 - әкесінің аты,
 - туған жылы көрсетілген тізімі.

14. Қалыптасқан ЭТТ-ы ақшаны кастодиандық есеп шоттан алушы-Қордың банк-кастодиандағы кастодиандық есеп шотына аударатын жіберуші-Қордың банк-кастодианына ұсынылады.

15. Аударылып отырған жинақталған зейнетақы қаражатының сомалары жеке есеп шот жабылып отырған уақыттағы жай-күйі бойынша есептелген инвестициялық табысты есепке алғандағы салымшының немесе алушының жеке зейнетақы есеп шоты бойынша анықталады. Жіберуші-Қор сомаларды жеке зейнетақы есепшотын жапқаннан кейінгі келесі банктік күн ішінде аударым жасайды.

16. Жіберуші-Қор жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды алушы-Қорға өтініш тіркелген күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде жүргізеді.

1.Есебі салымшылардың немесе алушылардың деректемелері қате берілген жеке зейнетақы есеп шоттарында жүргізілетін жинақталған зейнетақы қаражаттарын аудару тәртібі

17. Салымшы немесе алушы өтініш берген кезде аталған салымшының/алушының қате берілген деректемелеріне зейнетақы жарналарын төлеу кезінде ашылған жеке зейнетақы есеп шоты бар екені анықталған жағдайда жіберуші-Қор салымшы немесе алушыны хабардар етуге және 3-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама-растау қағазын әкелуді ұсынуға міндетті.

Анықтама-растау қағазы салымшының немесе алушының зейнетақы жарналарын жіберуші-Қорға аударған ұйым береді.

Анықтама-растау қағазына беріп отырған ұйымның басшысы мен бухгалтері қол қойып, олардың қолы мөрмен расталуы тиіс.

Зейнетақы жарналарын төлеу кезінде қате жіберген, заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік және басқа да қызметті жүзеге асырушы жеке тұлға қате жіберілген төлемдік құжаттардың көшірмесін, сондай-ақ салымшының немесе алушының қате жіберілген жеке басы куәлігінің көшірмесін (төлқұжат) ұсынып растайды.

18. Егер салымшының немесе алушының оның деректемелерінде жіберілген қателерге анықтама-растау қағазы болса, қатесі бар жеке зейнетақы есеп шотынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару үшін өтініште көрсетілген мәліметтермен қатар қате берілген деректемелерін көрсетуге және өтінішпен бірге анықтама-растау қағазының түпнұсқасын, жеке басы куәлігінің көшірмесін салуға құқылы. Мұндай өтінішті салымшы немесе алушы тиісті құжаттарды қоса сала отырып, осы Ережелердің 3 және 4-тармақтарында қаралған тәртіп пен мерзімде береді.

19. Деректемелерінде қате жіберіліп ашылған жеке зейнетақы шоттарынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару осы Ережелерде қаралған тәртіп пен мерзімде жүргізіледі.

Б Е К І Т І Л Д І

Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау

министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы
қорларының қызметін реттеу жөніндегі
комитетінің 2000 жылғы 04 қаңтардағы

№ 2-Ө бұйрығымен "Жинақтаушы
зейнетақы қорларынан жинақталған
зейнетақы қаражаттарын
аударудың тәртібі туралы

Е р е ж е л е р г е "

1-қосымша

Назар аударыңыз! Өтініш баспа әріптерімен анық толтырылады

Кімге:-----

(жіберуші-Қордың атауы)

Салымшы/алушының жинақталған зейнетақы қаражатын аударуға

Ө Т І Н І Ш

М е н , с а л ы м ш ы / а л у ш ы
т е г і

а т ы

э к е с і н і ң а т ы

К ү н і А й ы Ж ы л ы

Туған күні -----

Құжат түрі: -- Жеке басының куәлігі -- Төлқұжаты
К ү н і А й ы

Ж ы л ы

Сериясы ----- Нөмірі-----

Берілді-----

(кім берген)

Әлеуметтік дербес коды (ӨДК) N

Зейнетақы шартын бұзуды және менің жинақталған зейнетақы қаражатымды
толық көлемде міндетті (ерікті) зейнетақы жарналары

е с е б і н е н

(алушы-Қордың атауы)

а у д а р у ы ң ы з д ы ө т і н е м і н .

Ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде мына қорлардың
с а л ы м ш ы с ы / а л у ш ы с ы

б о л д ы м :

1) -----
(жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

2) -----
(жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

Ө з қ о л ы м м е н т а п с ы р а м ы н ;
П о ш т а м е н ж і б е р е м і н ;

Жеке басы куәлігінің (төлқұжаттың) "Нотариат туралы" Қазақстан
Республикасы Заңының 6-бөлімінің 34, 35 және 36-баптарына
сәйкес куәландырылған көшірмесін қоса жіберіп отырмын;

----- арқылы тапсырамын

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес
р е с і м д е л г е н

----- жылғы "-----"----- N ---- сенімхатты қоса жіберіп
о т ы р м ы н ;

Мына мекен-жайда тұрамын:
индекс-----,-----обл.

-----қ.(пос.,
с.),-----көшесі,

үй N -----, пәт. N -----; үй телефоны -----;

Жұмыс орным: индекс -----, -----обл.

-----қ.(пос.,
с.),-----көшесі,

үй N -----, жұмыс телефоны -----, факс -----,

Ұйымның атауы:-----

Қ о л д а р ы :

Салымшы/алушы:-----

К ү н і А й ы Ж ы л ы
Өтініш жазылған күн: -----
қызметі)

К ү н і А й ы Ж ы л ы
Жіберуші-Қорда тіркелді: -----

К і р і с н ө м і р і -----

Ескертулер

1. Жіберуші-Қормен зейнетақы шартын бұзуға және жинақталған зейнетақы қаражатын алушы-Қорға аударуға салымшының/алушының (немесе оның сенім білдірген адамының) жеке өтініші құқықтық негіз болып табылады.

2. Жіберуші-Қор қаралып отырған өтініш бойынша зейнетақы шартын бұздан және жинақталған зейнетақы қаражаттарын аударым жасаудан мынадай жағдайларда бас тартуға міндетті:

- өтініште көрсетілген ақпараттар салымшыны/алушының жіберуші-Қордағы мәліметтер базасындағы деректемелермен сәйкес келмегенде;

- өтінішке тиісті адамның қол қоймағандығына көз жеткізетін негіздер б о л ғ а н д а .

3. Жіберуші-Қор жинақталған зейнетақы қаражатын аударудан бастарту себебін көрсете отырып салымшыға-алушыға өтініш берілген сәттен бастап бір ай мерзімде жазбаша түрде түсіндірме хат жіберуге міндетті.

4. Жіберуші-Қор өтініш тіркелген күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде алушы-Қорға жинақталған зейнетақы қаражатын аударды.

Б Е К І Т І Л Д І

Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы
қорларының қызметін реттеу жөніндегі
комитетінің 2000 жылғы 04 қаңтардағы

№ 2-Ө бұйрығымен "Жинақтаушы
зейнетақы қорларынан жинақталған
зейнетақы қаражаттарын
аударудың тәртібі туралы

Е р е ж е л е р г е "

2-қосымша

Назар аударыңыз! Өтініш баспа әріптерімен анық толтырылады

Кімге:-----

(жіберуші-Қордың атауы)

Сенімді өкілдің жинақталған зейнетақы қаражатын аударуға
ӨТІНІШ

М е н ,

(тегі, аты, әкесінің аты)

салымшы/алушының:

т е г і

а т ы

ә к е с і н і ң а т ы

К ү н і А й ы Ж ы л ы
Туған күні -----

Құжат түрі: -- Жеке басының куәлігі -- Төлқұжаты
К ү н і А й ы

Ж ы л ы

Сериясы ----- Нөмірі-----

Берілді-----

(кім берген)

Әлеуметтік дербес коды (ӘДК) N

Мына мекен-жайда тұрамын:
индекс-----,-----обл.

-----қ.(пос.,

с.),-----көшесі,

үй N -----, пәт. N -----; үй телефоны -----;

Жұмыс орным: индекс -----, -----обл.

-----қ.(пос.,

с.),-----көшесі,

үй N -----, жұмыс телефоны -----, факс -----,

Ұйымның атауы:-----

-----жылы "----"----- берілген N -----сенімхаттың негізінде
әрекет ете отырып, зейнетақы шартын бұзуды және оның жинақталған зейнетақы

қаражатының толық көлемде міндетті (ерікті) зейнетақы жарналары есебінен

(алушы-Қордың атауы)

аударуыңызды өтінемін.

Ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде мына қорлардың
салымшысы / алушысы

болдым :

1) -----

(жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

2) -----

(жинақтаушы зейнетақы қорының атауы)

Қолдары :

Сенімді өкіл: -----

Өтініш жазылған күні: Күні Айы Жылы

Өтініш және сенімхат (сенімхаттың түпнұсқасы)
қабылдадым: "___" _____ ж. _____ (ТАӨ, қызметі)

Жіберуші-Қорда Күні Айы Жылы
тіркелді: -----

Кіріс нөмірі -----

Ескертулер

1. Жіберуші-Қормен зейнетақы шартын бұзуға және жинақталған зейнетақы қаражатын алушы-Қорға аударуға салымшының/алушының (немесе оның сенім білдірген адамының) жеке өтініші құқықтық негіз болып табылады.

2. Жіберуші-Қор қаралып отырған өтініш бойынша зейнетақы шартын бұздан және жинақталған зейнетақы қаражаттарын аударым жасаудан мынадай жағдайларда бас тартуға міндетті:

- өтініште көрсетілген ақпараттар салымшыны/алушының жіберуші-Қордағы мәліметтер базасындағы деректемелермен сәйкес келмегенде;

- өтінішке тиісті адамның қол қоймағандығына көз жеткізетін негіздер болғанда.

3. Жіберуші-Қор жинақталған зейнетақы қаражатын аударудан бастарту себебін көрсете отырып салымшыға-алушыға өтініш берілген сәттен бастап бір

ай мерзімде жазбаша түрде түсіндірме хат жіберуге міндетті.

4. Жіберуші-Қор өтініш тіркелген күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде алушы-Қорға жинақталған зейнетақы қаражатын аударады.

Б Е К І Т І Л Д І

Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы
қорларының қызметін реттеу жөніндегі
комитетінің 2000 жылғы 04 қаңтардағы
N 2-Ө бұйрығымен "Жинақтаушы
зейнетақы қорларынан жинақталған
зейнетақы қаражаттарын
аударудың тәртібі туралы
Е р е ж е л е р г е "

3-қосымша

АНЫҚТАМА-РАСТАУ ҚАҒАЗЫ

Кәсіпорынның толық атауы: _____

Кәсіпорынның СТН-і: _____

Кәсіпорынның пошталық мекен-жайы: _____

Банктік деректемелері: _____

Банктің атауы: _____

Есеп айырысу шоты: _____

МФО: _____

Дұрыс мәліметтер ! Қате көрсетілген мәліметтер

N ! Тегі ! Аты ! Әкесінің! Туған ! Тегі! Аты ! Әкесінің !Туған
! ! ! аты ! күні ! ! ! аты ! күні

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Тізімінде қате жіберілген төлем тапсырмасы туралы ақпарат

Төлем ! Төлем !Банктің ! Төлем ! Салымшыға төлем
тапсыр.! тапсырма !өткізбенің !тапсырмасының! тапсырмасында
масының! сының !күні !жалпы сомасы ! аударылған жарна

№ _____ күні _____ ! с о м а с ы

Бірінші басшы: _____ тегі, аты, әкесінің аты
(қолы)

Бухгалтер: _____ тегі, аты, әкесінің аты
(қолы)

М . О .

Анықтаманы рәсімдеуге қойылатын міндетті талаптар:

1. Анықтама ұйымның бланкісінде жазылады немесе ұйымның бұрыштама м ө р т а б а н ы қ о й ы л у ы т и і с .
2. Анықтамаға бірінші басшы және бухгалтер қол қойып, дөңгелек м ө р м е н р а с т а л а д ы .
3. Анықтама салымшы/алушының дұрыс деректемелерімен қатар (жеке басының куәлігі (төлқұжат) мәліметтеріне сәйкес) қате деректемелері де көрсетілуі керек.
4. Бірнеше қате табылған кезде барлық жіберілген қателер көрсетіледі.